

**"Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 137 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 669 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 750 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.09.2015 № 750 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 29, 386-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингін жүзеге асыру қағидаларында:

16-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган мұнай өнімдеріне бөлшек сауда бағаларына мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға ден қою шараларын қабылдау үшін мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізу шекті бағасының асып кетуі фактілерін жібереді.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*